

**Жеке кәсіпкер «Бейбітова»**

**ЖОЙЫЛУЫ ҚИЫН ОРГАНИКАЛЫҚ ЛАСТАУЫШТАР ТУРАЛЫ  
СТОКГОЛЬМ КОНВЕНЦИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМАСЫ**

Жеке кәсіпкер «Бейбітова» басшысы

А. Д. Бейбітова

Орындаушылар:

Сарапшы

А.К. Сергазин

Сарапшы

Г.Е. Майкенова

Сарапшы

Ж.К. Кушенова

**Астана қ, 2018 жыл**

## МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ	3
1.	Заңнама талдауы	4
2.	ЖҚОЛ -пестицидтермен жағдайды талдау	9
3.	ПХД жабдыктары мен қалдықтары жағдайын талдау	11
3.1.	Инвентаризация	11
3.2.	РСВ жабдығын басқару	12
3.3.	ПХД қалдықтарды кәдеге жарату және жою	13
4.	Жаңа ЖҚОЛ жағдайына сипаттама	17
4.1.	Жаңа ЖҚОЛ-пестицидтердің сипаттамасы	17
4.2.	Жаңа өндірістік ЖҚОЛ мінездемесі және олардың қолданылуы.	19
4.3.	Жаңа өндірістік ЖҚОЛ бар өндіріс көлемдері туралы ақпарат	24
4.4.	Тасымалданатын өнімдерде ПБДЭ және ПФОС есептеу	33
5.	Байқаусызда ЖҚОЛ шығарындыларының жағдайды талдау	37
6.	Ластанған жерлер	39
7.	Қорытынды және ұсыныстар	42

## КІРІСПЕ

Қазақстан 2001 жылы 23 мамырда ТОЛ бойынша Стокгольм конвенциясына қол қойды. Қазақстан Республикасының Президенті жарлығымен 2007 жылғы 7 маусымда «Жойылуы қиын органикалық ластауыштар туралы Стокгольм конвенциясын ратификациялау туралы» № 259 Заңы қабылданды. 2009 жылғы 8 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің бұйрығымен Жойылуы қиын органикалық ластауыштар туралы Стокгольм конвенциясы бойынша Қазақстан Республикасының міндеттерін орындаудың ұлттық жоспары бекітілді (бұдан әрі – ОҰЖ).

Қазақстанда Жойылуы қиын органикалық ластаушылар (бұдан әрі - ЖҚОЛ) ешқашан өндірілген емес. Алайда, кейбір ЖҚОЛ пестицидтер (ДДТ, ГХЦГ, линдан және т.б.) ауыл шарушылығы және медицина саласында толығымен қолданылды. Республика аумағында 50 мың бірліктен астам ПХД толтырылған электр құрылғылары бар, олардың көбісі жұмыс үстінде. Сонымен қатар, жүру өтілімі 10 жылдан көп автокөліктердің басым бөлігі (3 миллионнан астам автокөлік) құрамында полиуретан мен пластик, полибромдалған дифенилді эфир болуы мүмкін. Мәселенің басым көпшілігі ЖҚОЛ-мен ластанған топырақ болып табылады.

## **1. Заңнама талдауы**

ОҰЖ қабылдағаннан кейін, ЖҚОЛ айналымын реттейтін сұрақтар бойынша заңнама базасын құру қажет болды. Қоршаған ортаны қорғау министрлігі (кейін Энергетика министрлігіне айналған) және БҰҰДБ бірлескен «Қазақстандағы ПХД басқару кешенді жоспарын жасау және орындау» (2010-2015жж.) жобасының шеңберінде ЖҚОЛ сұрақтары бойынша 17-ші жаңа тармақ Экологиялық кодексіне қосу үшін Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне жолданды, оның ішінде 13-ші тармағы 2012 қаңтар айындағы Кодекстің жаңа редакциясының құрамына кірді. Сонымен, 1-бапқа ЖҚОЛ ұғымы енгізілді:

### **➤ 1-бап.**

13) жойылуы қиын органикалық ластауыштар - ыдырауға төзімді, биожинақтағыштығымен сипатталатын және ауа, су және көшпелі түрлері арқылы трансшекаралық таралу объектісі болып табылатын, сондай-ақ құрлық экожүйелерінде және су экожүйелерінде жинақтала келіп, өздерінің шығарынды көздерінен алыс қашықтықта шөгетін, тірі организмдердің иммундық, эндокриндік жүйесінің бұзылуына және онкологиялық ауруларды қоса алғанда, түрлі ауруларға алып келетін неғұрлым қауіпті органикалық қосылыстар;

Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің өкілеттігі Министрліктің Стокгольм, Базель және Роттердам конвенцияларын орындау үшін жауапкершілігімен толықтырылды:

### **➤ 17-бап.**

мыналарды: қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтерін айқындау әдістемесін;

Қазақстан Республикасының жойылуы қиын органикалық ластауыштар туралы халықаралық шарттарын іске асыруды ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының жойылуы қиын органикалық ластауыштар туралы, қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және олардың жойылуын бақылау туралы және халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты негізделген алдын ала келісім рәсімі туралы халықаралық шарттарының міндеттемелерін орындау шеңберінде, жойылуы қиын органикалық ластауыштарды қоса алғанда, қауіпті химиялық заттарды мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады:

### **239-бап :**

4-1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген, құрамында жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіруге және пайдалануға тыйым салынады. Осы заттардың экспорты мен импортына оларды жою мақсатында ғана рұқсат етіледі;

### **280-бап:**

2. Жойылуы қиын органикалық ластауыштарды қамтитын немесе оны пайдалану нәтижесінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген жойылуы қиын органикалық ластауыштар түзілетін өнімді өндіруге

және импорттауға тыйым салынады. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалған химиялық заттарды өндіруге және пайдалануға шектеу қойылады;

**288-бап :**

Қазақстан Республикасының жойылуы қиын органикалық ластауыштар туралы халықаралық шарттарында көзделген пайдалану нәтижесінде жойылуы қиын органикалық ластауыштарды қамтитын қалдықтар түзілетін өнімді өндіруге және импорттауға тыйым салынады.

**298-бап:**

Қазақстан Республикасының жойылуы қиын органикалық ластауыштар туралы халықаралық шарттарында көзделген жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтарды көмуге тыйым салынады. Мұндай қалдықтардың экспортына және импортына оларды жою мақсатында ғана рұқсат етіледі;

**бап:**

Жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтарды сақтау кезіндегі экологиялық талаптар.

1. Жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтарды сақтау жойылуы қиын пункттері органикалық ластауыштардың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін болғызбауды қамтамасыз ететін қорғаныс құралдарымен жабдықталуға тиіс.
2. Жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтарды есепке алу қатаң есептілік журналында жүргізілуге тиіс.
3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның рұқсатынсыз жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтың меншік иелерін ауыстыруға тыйым салынады.
4. Жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтар кадастрын жүргізу Қалдықтардың мемлекеттік кадастры шеңберінде жеке бөлім болып жүргізіледі.

**324-бап:**

Жойылуы қиын органикалық ластауыштарды қамтитын қалдықтардың иелері және меншік иелері

қаржыландыру көздерін айқындай отырып, оларды 2025 жылға дейін жою жөніндегі бағдарлама әзірлеуге және оны қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға осы тармақ қолданысқа енгізілген немесе осы қалдықтарды меншікке немесе иелікке сатып алған күннен бастап үш ай мерзім ішінде ұсынуға тиіс.

2016 жылы Қазақстан Республикасының 04.28.16 ж. №506-V Заңына сәйкес Экологиялық кодекс екі жаңа пунктпен толықтырылды:

**280-бап.** Ықтимал қауіпті химиялық заттарды өндіру және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар

3. Жойылуы қиын органикалық ластағыштар экологиялық таза тәсілмен жойылуға тиіс.

Қалдық газдарды күрделі тазартусыз Жойылуы қиын органикалық ластағыштарды және хлор құрамындағы қалдықтарды жою технологиясын пайдалануға тыйым салынады. Сонымен қатар, түтін газдарын кешенді тазарту тазартылған түтін газдарындағы диоксиндер мен фурандардың мазмұнын 0,1 нг / м<sup>3</sup>-ден аспайтын концентрацияларда қамтамасыз етуі тиіс.

4. Азық-түлік немесе азық-түлікті өндіруге және қайта өңдеуге байланысты орындарда жойылуы қиын органикалық ластағыштарды пайдалану тыйым салынады.

Экологиялық кодекстің 17-бабының 29 тармағына сәйкес Жойылуы қиын органикалық ластағыштарды және олардың құрамындағы қалдықтарды өңдеу ережелері Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 24 ақпандағы №40-Ө бұйрығымен бекітілген. Бұл ережелер ПХД өмірлік циклін қамтиды және тұрақты органикалық ластағыштарды және олардан тұратын қалдықтарды өңдеуді анықтайды, олар мыналарды қамтиды:

- 1) электр жабдықтарын түгендеу;
- 2) ПХД бар жабдықтарды пайдалану;
- 3) ПХД бар жабдықтарды пайдаланудан шығару;
- 4) ПХД бар қалдықтарды орау;
- 5) ПХД бар қалдықтарды таңбалау;
- 6) ПХД бар қалдықтарды сақтауды ұйымдастыру;
- 7) ПХД бар қалдықтарды тасымалдау.

Кәсіпорындарға, бақылаушы мемлекеттік органдарға және барлық мүдделі тараптарға көмекке ЖКОЛ-мен және жекелей ПХД-мен жұмыс істеудің әртүрлі аспектілері жөніндегі сегіз басшылық әзірленді. Ол мынадай басшылықтар:

1. Полихлордифенилдерді басқару бойынша басшылық (Урс Вагнер, Швейцария). Бұл өз кезегінде ПХД туралы толық ақпаратты қамтиды: олардың қасиеттері, қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері, саудалық атаулары, өндіру көлемдері және Кеңес Одағы мен әлемде қолданылуы, ПХД-мен шығатын қоспалардың түрлері және құрылғы маркалары толық сипатталған. Сонымен қатар, сол сияқты құрылғына пайдалану үрдістері, ПХД төгілуінің салдарын алдын-алу және жою, өрт және басқа да төтенше жағдайларда қолданылатын шаралар жөнінде толық жазылған. Сонымен бірге, жеке қорғаныс құралдары мен электр тоғымен улану және зақымдану жағдайларында бірінші медициналық көмек көрсету бойынша іс-шаралар бойынша ақпараттар ұсынылған.

2. ПХД құрылғыларының меншік иелерінің кәсіпорындарында ПХД басқарудың типтік жоспары (Александр Миковский, Македония). Аталған

құрал ПХД құрылғыларының меншік иелерінің ПХД өмірлік циклының барлық кезеңдері, инвенаризациядан бастап, маркалау, пайдалануды қоса отырып, уақытша сақтау мен түпкілікті жою үшін тасымалдауды қамтитын оз жоспарларын жасауда жақсы құрал болып табылады. Әрбір кәсіпорын типтік жоспарды негізге ала отырып, өз қалауы бойынша ақпаратты қосып немесе бөлімдерді қысқарта алады.

3. Құрамында ПХД бар құрылғылар мен қалдықтарды уақытша сақтау бойынша басшылық (Маркку Аутонен, Финляндия). Аталған басшылықта қауіпті қалдықтарға арналған сақтау қоймаларының құрылымы, еден жабындысын төсеу, желдету жүйесі және өртке қарсы құрылғылардың кешенділігі баяндалады. Персоналға арналған талаптар, сақтау және қабылдау үрдістері, тиеу-түсіру жұмыстары мен қажет жағдайда қайта орау талаптары жазылған. Сонымен қатар, төтенше жағдайлар кезінде қабылданатын шаралар туралы да жазылған.

4. ПХД жою технологияларына шолу (Урс Вагнер, Швейцария). ПХД жою бойынша қолданыстағы технологиялардың шолуы берілген. Әрбір әдістің ерекшеліктері мен жетіспеушіліктеріне талдай жасап, Қазақстанның экономикалық және тұтынушылық көзқарасынан әрбір технологияға баға берілген.

5. ПХД ластанған территориялардың тәуекеліне бағасы бойынша бастамашылық (Иван Холоубек, Чехия). Қазақстан үшін осы салада әрі қарай жұмысты жалғастыру бойынша ұсыныстар берілген. Аталған бастамашылықта қоршаған орта және халық денсаулығына ПХД әсерінен туындайтын тәуекелдерге бағалауды өткізу принциптері жазылған. Сонымен қатар, ПХД-ның қоршаған ортада метаболизмі мен тарау жолдары, тірі организмдерге әсер етудің түрлері мен жолдары, тасталымдардың формалары мен көздері нақты бейнеленген. Халық денсаулығы мен әртүрлі қоршаған орта компоненттеріне ПХД әсер ету тәуекелін бағалауға қатысты әр түрлі әдістер берілген.

6. Тәуекел бағасын жүргізу бойынша практикалық құрал (Иван Холоубек, Чехия). Аталған құрал ПХД құрылғылары және/немесе қалдықтары бар кәсіпорындарда тәуекел бағасы жүргізетін инспекторлар мен сарапшылар үшін жасалған. Онда бағалауды жүргізу үрдістері жазылған: бағалауда қандай сұрақтар қарастырылуы қажет, мысалы, ПХД басқару жоспары бар ма? персонады оқыту жүргізіле ме? СИЗ бар ма, тұсірілімдер мен өрттердің салдарларын жою мен алдын алу үшін арналған құралдар және т.б. сұрақтарға арналған жауаптарды қамтиды. Сонымен қатар, кәсіпорын территориясының ластану деңгейін бағалау үшін сынама алу үрдістері және кәсіпорынның қоршаған орта, персонал денсаулығы және жақын аумақтағы қоныстанған территорияларға ПХД әсерін бағалауды жүргізу үрдістері қарастырылған.

7. Қазақтан және шет елдерде қоршаған ортаға ЖҚОЛ мониторингісі бойынша ағымдағы жағдай бойынша шолу (Иван Холоубек, Чехия). Әртүрлі елдердегі ЖҚОЛ мониторингісінің жүйесі және ЖҚОЛ бойынша Стокгольм конвенциясының Үшінші тараптар конференциясында қабылданған мониторингтің ғаламдық жоспары сипатталған. ТМД және Шығыс, Орталық Еуропа елдері үшін Стокгольм конвенциясының Аумақтық орталығы \_- RECETOX тәжірибесі ұсынылған.

8. Қазақстанда ЖҚОЛ мониторингісі бойынша ұсынылған жүйенің құрылымы (Иван Холоубек, Чехия). Басқа елдердің ЖҚОЛ мониторингісіне қатысты тәжірибесін және Мониторинг жоспарының жаһандық жоспарын есепке ала отырып, Қазақстанда ЖҚОЛ мониторингісі жүйесін жасау бойынша ұсыныстар жасалды.



## 2. ЖҚОЛ -пестицидтермен жағдайды талдау

Кеңес уақыты кезінде көптеген ЖҚОЛ-пестицидтерге тыйым салынған. Сонымен, КСРО Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен 1971 жылы ауыл шаруашылығында ДДТ қолдануына тыйым салынған, ал 1989 жылы медициналық мақсатта ДДТ және лінданның қолдануына тыйым салынған. Ал қалған ДДТ барлық қоры 70 жылдардың басында бейіттерде көмңген.

Алдын-ала инвентаризацияның барысында 2003 жылы ЖҚОЛ пестицидтерден 140 қойма зерттеліп, оның ішінен 1010 қоса алғанда 1 543 874,5 кг ескірген пестицидтер анықталды. 2006-2008 жылдар аралығында пестицидтердің көптеген бөлігі көміліп, АШМ деректері бойынша 2008 жылы қоймаларда 105 тонна қалып қойған (1 кесте).

**1- кесте – ҚР ескірген және жарамсыз пестицидтер қоймалары, көмбелері мен олардың ыдыстарының саны туралы ақпарат, 2008 жыл бойынша**

Облыс	қойма саны,		Көмбе саны		Ескірген және жарамсыз улыхимикат тар саны, тоннамен	Пестицид қораптарының саны, дана, тоннамен
	жалпы	әрекет етуші	жабылған	қолданыстағы		
Ақмола	228	228	2	1	12,3	14033
Ақтөбе	40	-	-	-	-	-
Алматы	84	12	2	-	1,65	150
Атырау	1	1	-	-	-	0,5 т
ШҚО	63	50	1	-	61,05	5923
Жамбыл	15	-	-	-	-	-
БҚО	3	3	-	1	11,4	1306
Қарағанды	4	4	4	-	-	-
Қостанай	248	236	-	1	13,741	2,059 т
Қызылорда	1	1	-	-	-	6344
Павлодар	21	-	1	1	5	2550
СҚО	9	2	1	-	-	-
Маңғыстау	-	-	-	-	-	-
ОҚО	10	7	-	-	-	-
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>727</b>	<b>544</b>	<b>11</b>	<b>4</b>	<b>105,141</b>	<b>30306 шт + 2,559 т</b>

Энергетика Министрлігінің мәліметтеріне сәйкес, 2014 жылдың сәуір айында Қазақстанның әртүрлі объектілерінде сақталған ескірген пестицидтердің жалпы саны 1 617 637,75 кг (л) және олардың сыйымдылықтары 169 660 дана (7-кесте):

**2-кесте - ҚР 2014 жылдың сәуір айына ескірген және жарамсыз пестицидтер мен олардың саны туралы ақпарат**

Облыстар	Ескірген, тыйым салынған, пайдалануға жарамсыз пестицидтер, кг(л)	Пестицидтерді сақтауға арналған қоймалар			Көмілген пестицидтер, кг(л)	Қорабы, бірлік	
		Үлгілік, бірлік.	Қолайластырылған, бірлік	Сақтауда тұрған пестицидтер саны, кг(л)		Жалпы саны	Бюджеттік ыдыс
Ақмола	1500 000	10	207	-	13020	39310	10009
Ақтөбе	0	2	39	-	0	2936	-
Алматы	0	-	-	-	3580	316	256
ШҚО	60331	6	67	-	16270	14435	8530
Жамбыл	0	3	-	-	-	0	0
БҚО	0	2	6	-	11400	5414	5414
Қарағанды	0	2	25	-	269 000	0	0
Қостанай	57306	9	224	533 498,8	823 493,0	54189	11018
Атырау	0	1	-	-	-	420	420
Қызылорда	0	-	-	-	-	-	-
Маңғыстау	0	-	-	-	-	-	-
Павлодар	70	-	14	6213	120 000	625	625
СҚО	0	1	203	-	-	9054	9054
ОҚО*	0,75	-	1	-	-	42961	31082
<b>Жиыны:</b>	<b>1617637,75</b>	<b>36</b>	<b>786</b>	<b>539 711,8</b>	<b>1 256 763</b>	<b>169660</b>	<b>76408</b>

6 және 7 кестедегі мәліметтерді салыстыра келе, ескірген және пайдалануға жарамсыз пестицидтер саны айрықша артқанын байқауға болады, бұл ескірген пестицидтермен олардың ыдыстары бар жаңа жерлердің табылуымен тығыз байланысты болуы да мүмкін.

Айта кету керек, ескірген пестицидтер туралы ұсынылған мәліметтер шындыққа сай қағиданы көрсетпейді және ескірген пестицидтердің, оларда ЖҚОЛ -пестицидтер болуы мүмкін бар қорларына маңызды әрі жан-жақты бағалау жүргізуді талап етеді. Ескірген пестицидтердің айқындалған басым бөлігі идентификацияға жатқызылатын құрамы белгісіз қоспалардан тұрады.

### 3. ПХД жабдықтары мен қалдықтары жағдайын талдау

#### 3.1. Инвентаризация

2003-2004 жылдардағы алдын ала инвентаризацияның барысында

114 дана ПХД толтырылған трансформаторлар және 50 мың дана конденсатор анықталды. Негізінен, АрселорМиттал Теміртау (1200 астан конденсаторлар және 105 трансформаторлар), Ақсу ферроқорытпа зауыты (16 мыңнан астам конденсаторлар), АНПЗ (6 трансформатор), «Казцинк» ЖШС (1450 конденсатор), УКТМК (444 конденсатор), КЕГОК (811 конденсатор) және т.б. сияқты энергетикалық кешен мен тау-кен металлургиялық ірі кәсіпорындар ПХД құрылғылардың меншік иелері болып табылады.

Жойылуы қиын органикалық ластаушылар мен құрамында олар бар қалдықтарды басқару қағидасын қабылдағаннан кейін, май толтырылған электр құрылғыларына құрамында ПХД бар жоқтығын анықтау мақсатында инвентаризация басталды. Бұл кезеңде республика бойынша 360 кәсіпорын ат салысты. ПХД толтырылған қосымша жабдық анықталды:

48 трансформаторлар:

- 32 шт. Степногорск подшипник зауытте,
- 12 шт. Казахмыста
- 2 шт. Казхромде (Аксуйский ферросплавный зауыт)
- 2 шт. Восточный көмір шахтасы

және 1473 конденсаторлар:

- 664 шт. на Балхаш ЖРЭК болемінде
- 338 шт. Алатау Жарык Компаниясында
- 467 шт. Восточно-Казахстанская РЭК
- 4 шт. Усть-Каменогорск конденсаторлардын зауытте.

3-кестеде 2015 жылғы мәліметтер бойынша ҚР құрамында ПХД-бар жабдықтар туралы алдын-ала мәліметтері ұсынылады.

#### 3-кесте – Қазақстан Республикасындағы құрамында ПХД бар жабдықтардың бар болуы туралы деректер (2015 жыл)

№ р/н	атауы	айқындалғаны, дана	жойылғаны, дана	Көмілгені, дана	Қалғаны, соның ішінде пайдалануда, дана
1	Трансформаторлар	166	33	0	133
2	Конденсаторлар	52 861	12452	14865	25544
3	Конденсаторлық қондырғылар	78	0	0	78
	барлығы	53 105	25 936	14865	25755

ПХД ластанған құрылғылар Жәйрем ТБК 2 сәндіргіш және КЕГОК стансаларында СМП маркалы 24 конденсатор анықталды. ПХД бойынша БҰҰДБ жобасы аяқталғаннан кейін, 2015 жылдан қосымша ПХД трансформаторлары анықтала бастады: мысалы, Новоцинкте 4 трансформатор, Өскемен арматура зауытында 4 трансформатор белгілі болды.

### 3.2. РСВ жабдығын басқару.

ПХД құрылғылардың көптеген бөлігі күнделікті қолданыста пайдалануда жүр. Егер толыққанды қызмет көрсетілмесе, жұмыс істеуші персоналға ғана емес, сонымен қатар, кәсіпорынның аумағына жанасқан аумақтар, қоныстанған халық денсаулығына әсер етуі мүмкін. Сондықтан, қызмет көрсету персоналдарын және ПХД құрылғылармен экологиялық қауіпсіздік менеджментіне оқыту қажет.

БҰҰДБ-ның ПХД бойынша жобасының шеңберінде әрдайым тренинг, үйреткіш семинарлар, сонымен қатар, халықаралық сарапшылардың қатысуымен конференциялар өткізілді. «Европа үшін қоршаған орта» Министрлер 7 Конференциясының шеңберінде ЖҚОЛ бойынша екі сайт-эвент өткізілді. 10 мемлекет өкілдерінен құралған бірінші кездесуде мемлекеттік органдардың 40 өкілі, 10 елден келген өндірістік кәсіпорындар мен ҮЕҰ әрбір өз елінің даму стратегиясына қауіпті химиялық заттар, сонымен қатар, ЖҚОЛ қауіпсіз басқару сұрақтарын енгізуге қол жеткізу және оның мәселелеріне қатысты бірқатар тақырыптар талқыланды. ЖҚОЛ қауіпсіз айналымына арналған екінші сайт-эвентте жоба өз жоспарларымен және Қазақстанда ПХД экологиялық қауіпсіз айналымы жүйесін құру бойынша тәжірибесімен бөлісті. 2012 жылдың наурыз айында Астанада өткен халықаралық конференцияда полихлордифенил (ПХД) мысалында Қазақстанда қауіпті қалдықтарды қауіпсіз басқару бойынша ұлттық жүйені құру перспективаларын талқылады. Қауіпті қалдықтарды, сонымен қатар, ПХД жою бойынша 5 еуропалық компаниясының өкілдері өздерінің технологияларын ұсынды. Ресей Федерациясы, Молдова Шығыс және Қырғыз өкілдері ПХД және басқа да ЖҚОЛ қалдықтарды жою бойынша жоспарлары жөнінде баяндады.

Кәсіпорындардың техникалық персоналының потенциалын жоғарылату мақсатында, Қазақстанның орталық, Батыс, Шығыс, Оңтүстік және Солтүстік бөліктерінде аумақтық семинарлар өтті. Сонымен қатар, КЕГОК, Қазмұнагаз, Қарашығанақ Петролеум, Қазақмыс, АрселорМиттал Теміртау (АМТ), Қазхром, Шығыс Қазақстан РЭК, АЭС, Степногорск подшипник зауыты, Астана НАН Кемикалс, Алатау жарық Компаниясы, Петропавл ЖЭС және т.б. компаниялар үшін арнайы тренингтер өткізілді. Сонымен бірге, кейбір кәсіпорындарда осындай тренингтер біршіама болып өтті, мысалы, КЕГОК

қызметкерлері үшін екі тағылымды семинар, АМТ және Қазақмыс үшін әртүрлі филиалдарында (Қарағанды, Теміртау, Жезқазған және Өскемен қалаларында) 3 тренинг болып өтті. Жоба жұмыс істеген жылдарда 1000-нан астам адам тағылымдық семинарлардан өтті.

Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы, Орнықты дамуға көшу орталығы және «Жасыл даму» АҚ сияқты тағылымдық орталықтар ПХД құрылғыларымен қауіпсіз жұмыс істеу және ПХД инвентаризациясын өткізу сұрақтары бойынша сервиздік ұйымдан, ҮЕҰ, және өндірістік өнеркәсіптер өкілдеріне арнайы оқуларды өткізуді жалғастыруда.

### 3.3 ПХД қалдықтарды кәдеге жарату және жою.

2001 жылы Екбастұз электрлік стансасында 15 мыңнан астам құрамында ПХД бар герметизацияланбаған конденсаторлар анықталды. Станцияның құрылысы Екбастұз ЖЭС өндірілетін электр энергиясын Кеңес одағының еуропалық аумақтарына және экономикалық Кеңес көмекшісі ретінде Кеңес үкіметі кезеңінен бастап салынған. Станцияда айнымалы тоқты тұрақты тоққа ауыстыру болжанған. Осы мақсаттар үшін конденсаторлы батареялар қолданылады деп түспалдаған. Кеңес одағы ыдыраған кезеңде тоқты туралау станциясының ашық алаңдарында екі жағынан 15 мыңнан астам конденсаторлар монтаждalған. Экономикалық кризис кезеңдерінде тұрғылықты халық түсті металл – мыс өзектерін алу мақсатында көптеген конденсаторлар ашылып, герметикасын жоғалтқан. 2001 жылы Екбастұзда трихлордифенильдің булануы салдарынан қоршаған орта және жергілікті халыққа (жанында саяжай кенті және Ертіс-Қарағанды каналы орналасқан) төнген экологиялық қауіптілікті жою үшін төтенше комиссиясы құрылды. 2002 жылы салдарларды жою жұмыстары кезінде станцияның жаңа иесімен конденсаторлар монтаждық көбікпен герметикалық күйге келіп, монтаждalды. Трихлордифенил төгілген топырақтың бөлігі монтаж кезінде сырылып алынып, қаптарға оралды.

Нәтижесінде, 14865 конденсаторлар 50 қап топырақ алынып, Семейдің ядролық сынақ алаңындағы арнайы жабдықталған көмінділерге көмілді. Семей полигонын төмендегідей бірқатар факторлары бойынша таңдалынып алынды:

- Тұрғындар мекен-жайынан қашықтығы (Курчатов қаласынан 70 шақырымдай алыс);
- Жер үстіндегі су нысандарына және тереңдегі су көздеріне түсетін жер асты суларының ағысының жоқтығы;
- Полигон аумағында ауыл шаруашылығы саласын қоса алғанда барлық саладағы қызметтерге тыйым салынғаны болып табылады.

2004 жылы бұрынғы «Дарьял-У» әскери базасында 15 мыңдай конденсаторлар бары анықталды. 2007-2009 жылдарға арналған бюджеттік бағдарлама аясында Германияға 10052 конденсаторлар шығарылып, жойылды.

ПХД бойынша БҰҰДБ жобасының екі компоненті толған трансформаторлар және ПХД жоюға арналған. Сонымен қатар, үшінші компонент бойынша, Арселор Миттал Теміртаудың (бұдан әрі – АМТ) 105 совтолдық трансформаторларды жою және оларды төгу қарастырылған. Жоба басталмастан бұрын, 2006-2009 жылдары АМТ жаңа құрғақ трансформаторлар сатып алған, сонымен қатар, 24 совтолды трансформаторлар істен шығарылған.

2010-2011 жылдар аралығында АМТ жобаның ұсынысымен демонстрацияланған трансформаторларды уақытша сақтауға арналған жеке бөлмені (бұрынғы газгольдерлік) бөліп берді. Газгольдерлік бөлме есік және төбесі бар металл цилиндр, сыртынан кірпішпен қапталған, уақытша сақтауға қолайлы орын болып табылады. Металл еден қойма астындағы жерге ПХД ағып кетпеуден қорғайды, ал терезелердің болмауы металл төбе және терезелердің күзетіліп, рұқсатсыз ешкімнің өтпеуін қамтамасыз етеді. Мекеменің негізгі жұмыстары жүргізілетін орынның қашықтығы ПХД әсерін мекеме қызметкерлеріне азайтуді қамтамасыз етеді. 2011 жылы аталған қоймаға 13 трансформаторлар әкелініп, олардың барлық ПХД көлемін ескере отырып, есептелген 1 м. болып арнайы дайындалған тұғырыққа орналастырылады. Қалған 8 трансформатор 2012 жылы қоймаға әкелінген. Үш трансформаторларды техникалық себептерге байланысты, демонтаж жасалмаған және олардың совтолы жұмыс орнына төгілген. 2013 жылы АМТ тағы бір трансформаторды қолданыстан шығарды.

2011 жылдың қазан айында АМТ-дан 64 т. жою және шығаруға компания таңдау үшін тендер жарияланып, 2012 жылдың сәуір айында совтолды жоюға Францияның Tredi зауытына шығаратын грециялық компания Полиэко жеңімпаз деп анықталды.

Базель конвенциясына сәйкес, ПХД-ны жер үсті көлігімен шетелге шығару әрекеттері нәтижеге жетпеді. Өкінішке орай, Қазақстанмен шекаралас мемлекеттер (Ресей, Қытай, Әзербайжан, Грузия, Түркменстан) ПХД қалдықтарын транзиттеу және сол елге кіргізу заңды түрде тыйым салынған. Сол себепті, ПХД қалдықтарын әуе жол көлігімен тасымалдауға шешім қабылданды. ЈАТА-ның өзара келісім ережелеріне сай, жоғарыда аталған елдерде ПХД рұқсат етілген заттар тізіміне енген.

АМТ 25 трансформатордан шығарылған совтолды құюға арналған арнайы ыдыстар және қажеттіліктер сатып алған. 2013 жылдың қыркүйек айында Полиэко қызметкерлері трансформаторлардан совтолды арнайы ыдысқа ағызу ісіне көшті, ал АМТ қажет техникалар (көтеретін крандар, компрессор) бөліп,

Полиэкоға көмекке техникалық персоналмен және жұмысты еш бөгетіз жүргізу жағын қамтамасыз етті. Қыркүйек-қазан айларында 212 ООН-сертификатталған металл бөшкелерге конденсаторлардан шыққан ПХД майлары ағызылды.

Самолет кеңістігін тиімді пайдалану мақсатында басқа компаниялардың трансформаторларынан алынған ПХД есебінен партиясын 60-тан 80ге дейін көбейту жөнінде шешім қабылданды. Атырау мұнай өңдеу зауыты, Степногорск мойынтірек зауыты, және Қазақмыс өздерінің істен шығарылған және демонтаждалған, құрамында ПХД бар трансформаторларды осы партияға қосуды ұсынды. 2013 жылдың қазан-қараша айларында Атырау мұнай өңдеу зауытының 4 трансформаторларынан, Степногорск мойынтірек зауытынан 2 трансформаторынан, Қазақмыстың Балқаш және Жезқазғандағы саласының екі трансформаторынан ПХД ағызылды және 80 бөшке ПХД Қарағандыдағы «Промотход-КЗ» ЖШС уақытша сақтау қоймасына әкелінді.

2013 жылдың қараша айында Франция тарапынан 80 тонна ПХД қалдықтарын самолетпен апаруға рұқсат берілді. Франция және Қазақстанның азаматтық авиация комитетінен самолеттің ұшу және қонуы, кедендік рәсімдеу жөнінде рұқсат алғаннан кейін, 2014 жылдың 2 сәуір күні бөшке ПХД қалдықтарын артқан самолет Қарағанды қалалық әуежайынан ұшырылып, Францияның Лион қаласының әуежайына қонды. ПХД қалдықтары әуежайдан Треди зауытына әкелініп, 2014 жылы шілденің 2-сі күні зарарсыздандырылды (жойылды). Аталған төрт мекеме ПХД қалдықтарын зарарсыздандырылғаны туралы сертификаттар алды.

Төртінші компонент бойынша ПХД конденсаторларын жою (зарарсыздандыру) үшін шығару және уақытша сақтау қоймаларды ұйымдастыру болжанған. Жоба «Арселормиттал Теміртау» АҚ Болат және көмір департаменті мен Ақсу ферроқорытпа зауытындағы дайын орындарынан уақытша сақтау қоймаларын жасау жөнінде ұсыныстар дайындалды. Жобаның ұсынысына сәйкес, АМТ Болат және көмір департаментінің газгольдері қоймаға сақтауға сай жабдықталып, 21 трансформаторлық ПХД және босатылған қорпустар қойылды. Конденсаторлар сақтауға жабдықталып, АМТ Болат және көмір департаментінің Кировская шахтасындағы ескі станциясы қайта жабдықталды. Ақсу ферроқорытпа зауытында конденсаторлар Ақсу қаласынан бірнеше шақырым жерде, кәсіпорын территориясында орналасқан, және қайта жабдықталып, бұрынғы гаражда сақталған. Шығыс Қазақстан РЭК және Алатау жарық компаниясының конденсаторлары 40 футтық контейнерлерге жинақталып, шығаруға дейін өндірістік станцияда сақталған.

2014 жылдың маусым айында ПХД майын табысты тасымалдағаннан кейін халықаралық және жергілікті компаниялар арасында конденсаторларын Қарағанды қаласының әуежайынан артылып, әкетілетіні есепке алына отырып,

жаңадан екі тендер жарияланды. Жеңімпаз Полиэко және Қарағанды қаласында қоймасы орналасқан «Промотход» ЖШС болды. 2013 жылдың күзінде ПХД майы құйылған бөшкелерді аз уақыт сақтағаннан кейін, «Промотход» ЖШС жөндеу жұмыстарын жүргізіп, қойманы ПХД қалдықтарын халықаралық және Қазақстандық (ТОЛ бойынша ережелер) талаптарына сай қайта жабдықтады.

2014 жылдың қыркүйек айында Полиэко мамандары АМТ Болат және көмір департаментінің алаңында өткізген тренингінен кейін, «Промотход» ЖШС конденсаторларын жинау және қаптау жұмыстарына еліміздің төмендегі алты кәсіпорны бойынша кірісіп кетті. Олар: Алатау жарық компаниясы (Алматы облысы) - 338 конденсат, АМТ Болат және көмір департаменті (Қарағанды облысы) – 288 дана, «Казметизпром» ЖШС (Шығыс Қазақстан облысы) – 93 дана, РЭК ШҚО (Шығыс Қазақстан облысы) – 337 дана, Өскемен конденсаторлар зауыты (Шығыс Қазақстан облысы) – 4 дана және Ақсу ферроқорытпа зауыты (Павлодар облысы) – 1342 дана конденсаторлар жиналды.

2014 жылдың желтоқсан айында Францияның облыстық қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органнан 152 тонна ПХД конденсаторын әуе жолдарымен енгізуге рұқсат алынды. Конденсаторларға ТН ВЭД коды анықталғаннан кейін, экспортқа лицензия және кедендік рәсімдеу декларациясы алынғаннан кейін, 128 тонна конденсаторлардың бірінші партиясы 2015 жылы 2 маусым күні Қарағанды қаласының әуежайынан ұшырылып, 3 маусым күні Францияның Лион қаласының әуежайына ойдағыдай қонды. Екінші партияның тасымалдануы 2015 жылдың 22 маусым күні жүзеге асырылды. Барлығы 152 тонна ПХД конденсаторлар шығарылды және жойылды.



#### **4. Жаңа ЖҚОЛ жағдайына сипаттама**

2009 жылы Стокгольм конвенциясының тізімі 9 жаңа ЖҚОЛ-мен толықтырылды:

1. Альфагексахлорциклогексан;
2. Бета гексахлорциклогексан;
3. Хлордекан;
4. Гексабромбифенил;
5. Тетрабромдифенилді эфир және пентабромдифенилді эфир;
6. Гекса- және Гептахлорбифенилді эфир;
7. Линдан;
8. Пентахлорбензол;
9. Перфтороктанды сульфат және оның тұздары және перфтороктанды сульфонилфторид.

2011 жылы олардың құрамына эндосульфан, ал 2013 жылы Гексабромциклододекан қосылды. 2015 жылы гексахлорбутадиен, пентахлорфенол және полихлорирланған нафталиндер кірді. Ал 2017 жылы декабромдифенилді эфир, қысқа тізбекті хлорланған парафиндер енді.

Осылайша, бүгінгі күнде Стокгольм конвенциясының тізімінде 28 химиялық заттар бар.

##### **4.1. Жаңа ЖҚОЛ-пестицидтердің сипаттамасы**

Жаңа ЖҚОЛ химиялық заттарының біреуі де Қазақстанда өндірілген емес. Пестицид ретінде қолданылатын жаңа ЖҚОЛ-дар Қазақстан территориясына енгізуге рұқсатталған пестицидтер тізіліміне енгізілмеген және осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметі бойынша тізімді қабылдаған сәттен бастап (2003 жыл), Қазақстанға енгізуге тыйым салынған. Алайда, олар елімізге Кеңес үкіметі кезінде кіргізілген болуы мүмкін. Кеңес үкіметі кезінде ДДТ-мен қатар, ауыл шаруашылығы саласында техникалық ГХЦГ кеңінен қолданыста болғанымен, республика бойынша толық мәлімет жоқ.

**Хлордекон.** Ауылшаруашылық органохлор пестицидтері, Кероне, Merex және Curlone деп те аталады. 1951 жылы алғаш рет 1958 жылы қолданыла бастады, ол 1958 жылы қолданыла бастады. Алғашында алма қопсытқышы, ұнтақты зең, Колорадо қоңызы, жүзім кенесі, сиқырлы құрт, үй құмырсқасы және тараканның тұзақтарына қарсы банан шырышына қарсы қолданылды. Хлордекон енді әлемде басқа жерде өндірілмейді және пайдаланылмайды. Кеңес Одағында ол өндірілмеді немесе пайдаланылмады.

**Пентахлорбензол.** Пестицид және антипирен ретінде ПХБ-мен бірге. Сонымен қатар диэлектрикалық сұйықтықта электронды және техникалық құралдарда қолданылған. Пентахлорнитробензол (квинтозен) пестициді өндірісінде аралық (жартылай) өнім ретінде қолданылған. Пентахлорбензол біршама хлорорганикалық еріткіштер және пестицидтер (квинтозен, эндосульфан, хлорпирифос-метил, атразин) құрамында қоспа ретінде болуы мүмкін. Кеңес Одағында пентахлорбензол өндірілмеген. Бірақ, қасақана емес, хлорорганикалық синтез өнімдерін шығару (жартылай немесе жанама өнім), тұрмыстық қатты қалдықтар және өндірістік қалдықтарды өртегенде пайда болуы мүмкін.

**Альфа, бета-гексахлорциклогександар және линдан** (альфа, бета, гамма-ГХТ). Линдан құрамында кем дегенде 99% гамма-гексахлорциклогексан бар, оның ішінде ГСГ 8 стереоизомерінің бірі. Гексахлорциклогексанның тауарлық белгілері: ГХГ (гексахлоран), ГСГ гамма изомері, гексахлоран, линдотокс, агрисертт, линдарам, гамотокс, линдан, VNS. Өнеркәсіпте линдан бензолдың аддитивті хлорлауынан алынған НСН (техникалық гексахлорциклогексан немесе техникалық НСН) изомерлер қоспасынан оқшауланған болатын. Техникалық НСН құрамында 50-70% альфа-НСН, 3-14% beta-НСН, 8-16% гамма-ГХТ бар. Техникалық өнімнен кемінде 80% гамма-ГХТ бар ГХГ-мен байытылған.

Сегіз ГХЦГ (альфа, бета, гамма және т.б.) ішінен тек гамма изомер (линдан) ғана инсектицидтік қасиеттерге ие. Гамма изомерлер ішектік және фумиганттық инсектицид болып табылады. Жәндіктің ағзасына тез кіреді және жүйке жүйесін тез арада зақымдайды.

Кеңес Үкіметі кезінде ГХЦГ ауылшаруашылығында дуст, ұнтақты сулағыш, эмульсия концентраты, дым шашқыш, ретінде қолданылған.

Линдан тікелей өндірілмеді, бірақ техникалық және байытылған ГХС Самара облысының Чапаевск қаласында өндірілді. 1990 жылдан кейін өндіріс тоқтатылды.

Сол кезде пестицидтерді Қазақстан және басқа да республикаларға Ауылшаруашылығы химиясы ұйымының ұйымдастыруымен орталықтандырылып жеткізілген. Алайда, өкінішке орай, олардың көлемі жөніндегі мәліметтер жоғалып кеткен. Сонымен қатар, Ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметкері Юсупова Гүлнәр Мұхамедьяровнаның баяндамасында ГХЦГ қоры бойынша мәліметтер 4-ші кестеде көрсетілген.

4-кесте. Қазақстан Республикасындағы пестицид есебінен ЖҚОЛ-дың алдын-ала есептеулерінің нәтижесі (ҚР АШМ мәліметі бойынша 2013 жы. 1-сәуірі).

жойылуы қиын органикалық ластауыш	Токсафен	ГХЦГ, дуст	ДДТ
Сақтау орны	Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданы, «Тұқымдықтар» АҚ,	Атырау облысындағы антидепрессант станциясы (6.18 т)	Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы,

		және Павлодар облысы Май ауданы (20.00 т)	с. Жанғызтөбе (2002 жылы жерленген)
--	--	---	-------------------------------------

**Эндосульфан** Эндосульфан 1950 жылдардың басында дамыған. 1984 жылы әлемдік эндосульфан өндірісі жылына 10 000 тоннаға бағаланған. Өндірістің ағымдағы көлемі 1984 жылдан асады деп саналады. Үндістан Германия (жылына шамамен 4000 тонна) кейін әлемдегі ең ірі өндірушісі (9,900 2001-2007 жылына тонна) және экспорттаушы (2007-08 31 елдерде 4104 тонна), болып саналады; өндіріс 2007 жылы тоқтатылған, бірақ экспорт 2010 жылдың соңына дейін жалғасуы мүмкін); Қытай (2 400 тонна), Израиль, Бразилия және Оңтүстік Корея.

Эндосульфану, шайнау бақылау үшін қолданылатын инсектицид болып сорғыштармен және күріш алқаптарында тлями, Трипс, қоңыздардың, тамырдан тыс қоректендіру құрттарын, кенелер, бұрғылаушы, cutworms, bollworms, қоңыздар, whiteflies, кобылки, ұлулар, оның ішінде іш пыстырарлық жәндіктер, құрттар шөгінділер мен шөгінділерде. Эндосульфан дақылдардың кең ауқымын қорғау үшін қолданылады. onprimenyaetsya соя, мақта, күріш және шай жатады, ол бойынша негізгі дақылдар. Басқа дақылдар көкөністер, жемістер, жаңғақтар, жидектер, жүзім, астық, бұршақ, жүгері, мұнай өсімдіктер, картоп, кофе, саңырауқұлақ, зәйтүн, құлмақ, құмай, темекі және какао қамтиды. Ол сәндік және орман ағаштар пайдаланылады, және өткен өндірістік және тұрмыстық ортада ағаш үшін қорғаныш құралы ретінде беріледі.

Кеңес Одағында, эндосульфану өндірілген жоқ, бірақ шетелден әкелінген болуы мүмкін.

#### **4.2. Жаңа өндірістік ЖҚОЛ мінездемесі және олардың қолданылуы.**

2014 жылы Республикада төрт жаңа ЖҚОЛ бар екендігіне алдын-ала бағалау жүргізілді:

1. Гексабромбифенил
2. Тетрабромдифениловый эфир және пентабромдифениловый эфир
3. Гекса- және Гептахлорбифениловый эфир
4. Перфтороктановый сульфонат, оның тұздары және перфтороктанового сульфонилафторида

Бағалау үшін ЮНЕП әзірлеген нұсқаулықтар пайдаланылды:

- Жойылуы қиын органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясына енгізілген Полибромдифенил эфирлеріне арналған ТМҚ

- Жойылуы қиын органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясына енгізілген перфтороктан сульфон қышқылының (ПФОС) және оған қатысты химиялық заттардың инвентарлық құралдары

*Полибромдалған дифенилді эфирлер (ПБДЭ)* 1970 жылдары антипиренді қоспа ретінде әр түрлі өкілдері көбінесе халықта кең тұтынатын өнімдерде қолданылған. Өндірістік жолымен өндірілген ПБДЭ бромданудың үш түрлі дәрежесімен өзгеленіп, коммерциялық жолмен п-пента-БДЭ, п-окта-БДЭ және өндірістік декабромдифенилденген эфир (п-дека-БДЭ) түрінде тараған.

П-пента-БДЭ Израиль, Жапония, АҚШ және Еуропалық Кеңес елдерінде сонымен қатар, Қытайда өндірілген. 1997 жылы Еуропалық кеңес елдерінде осы коммерциялық қоспаны өндіру үрдісі тоқтатылған. 1990 жылдың аяғынан бастап, тұрақты органикалық ластаушыларға жататын полибромдалған эфирлер неегізінен Америкада 2004 жылға дейінгі өндіріліп келген және осы жылы өндірісінің тоқтатылған жылы болып есептелінеді.

П-окта-БДЭ қоспалары Нидерландия, Франция, АҚШ, Жапония, Англия және Израильде өндірілген. 2004 жылы осы ластаушыларды Еуропалық кеңес елдерінің АҰШ және Азиаттық-Тынық мұхиттық аумақтары елдерінде тоқтатылған

- ЖҚОЛ болып саналатын ПБДЭ негізгі өндіріс салалары:
- Броморганикалық қосылыс өндірістері,
- Электротехникалық және электрондық өнеркәсібі,
- Жиһаз өндірісі, тоқыма және клем өнеркәсібі,
- Құрылыс өнеркәсібі,
- Өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу және тұтыну (рециклинг) саласында қолданылды.

*П-пента-бромдифенил эфирінің бұрынғы қолданылуы*

Пенополиуретан (ППУ) өдірістің 90-95%-на барлық өндірілген п-пента-БДЭ тиесілі деп есептеледі. Бұл пеноматериалдар негізінен қаптау материалдарын өндіруге және автокөлік өнеркәсібінде қолданылған. П-пента-БДЭ тоқыма бұйымдар өндірісі, баспа плататары, пеноизоляция, кабельдерді қаптау (изоляция), конвейердің таспасы, лактар және мүмкіндігінше бор ерітіндісін (5-кесте) өндіру салаларында аз көлемде қолданыс тапқан. П-пента-БДЭ өндірісінің шамамен салалық тарату көлемі әлемнің барлық елдерінде келесідегідей: көлік өнеркәсібі – 36%, жиһаз өнеркәсібі – 60%, ал қалған 4%-ға әр түрлі өнімдер және бұйымдар өндірісі кіреді.

5-кесте. Полимерердегі п-пента-БДЭ

Материалдар / полимерлер / қышқылдар	Қолдану салалары	Өнімдер
Полиуретандар,	Полиуретандар орау материалдары, бетін қаптау, құрылыс	Жиһаз, көлік құралдары, дыбыстық оқшаулау, қаптамасы, қаптау тақталары,

	жұмыстары	қатты полиуретанды көбікке негізделген құрылыс материалдары
Тоқыма өндірісі	Қаптау	Кілемді тазалау және сіңдіру, автокөлік орындықтары, үй және офис жиһаздары, жер үсті теміржолдың жылжымалы құрамдары
Эпоксидті шайырлар	Баспа схемалары, қорғаныш жабындары	Компьютерлер, кемелердің интерьерін безендіру, электронды бөлшектер
Резеңке	Машиналар	Конвейерлік таспалар, көбік материалдарынан жасалған құбырлар үшін оқшаулау
Поливинилхлорид (ПВХ)	Кабельді оқшаулау	Сымдар, кабельдер, едендік панельдер, өнеркәсіптік жабындылар
Қанықтырылмаған полиэфирлі шайырлар (Thermoset)	Баспа схемалары, жабындары	Электр жабдығы, химиялық өңдеуге арналған престоуге арналған жабын жабдығы, кеме жасау және қорғаныс өндірісінде қолдану: қаптау тақталары
Бояулар / лактар	Лак және бояулар	Кеме жасау және танктер мен цистерналарды қорғауға арналған өнеркәсіптік бояулар мен лактар
Гидравликалық жүйелерге арналған сұйықтықтар	Бұрғылау сұйықтығы, шаюға арналған сұйықтықтар	Сұйық бұрғылау, көмір өндіру

### *П-октан-бромдифенил эфирінің бұрын қолдануы*

Бұрын п-октан-БДЭ негізінен Еуропалық Одақта р-октан-БДЭ-нің 95% -на жуық болатын акрилонитрил-бутадиен-стирол полимерлерін (ABS) өндіруде қолданылған. ЖҚОЛ пайдаланған ABS пластмасса негізінен электрондық және электронды құрылғылардың, мысалы электронды-сәулелік құрылғылар мен кеңсе жабдықтарын өндіру үшін пайдаланылды, мысалы, көшіру машиналары мен принтерлер (6-кесте).

6-кесте. П-октан-БДЭ полимерлерді / материалдарды өндіруде бұрынғы пайдалану; негізгі қосымшалар мен өнімдер

Полимерлер / материалдар	Қолдану аясы	Өнімдер
Акрилонитрил-бутадиен-стирол полимерлері (ABS пластиктері)	Полимерлік корпустар / электрлік және электрондық	Компьютерлер мен теледидарлар (катод-сәулелі түтіктер); кеңсе жабдықтары; (басқа

	құрылғылардың бөліктері;	электрондық жабдықтар)
Жоғары әсерлі полистирол (UPS)	полимердің корпусы / Электрлік және электрондық құралдардың бөліктері	Компьютерлер мен теледидарлар (катодты түтікшелер); кеңсе жабдықтары
